

«БЕКІТЕМІН»

«ШЫҢ» Баспа Үйінің директоры

Б.А. Есен

«02» мамыр 2025 ж.



**«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» бағдарламасы аясында
«КАНИКУЛДА КІТАП ОҚИМЫЗ» республикалық кітап оқу
марафонын ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже «Каникулда кітап оқимыз» республикалық жоба-марафонын (бұдан әрі – Марафон) ұйымдастыру, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Марафон оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, бос уақытты тиімді пайдалануға бағытталған.
- 1.3. Марафон «Балалар кітапханасы» жобасы аясында жүзеге асырылады.
- 1.4. Марафон ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана және «ШЫҢ» баспа үйі арасында 2025 жылғы 15 қаңтарда бекітілген екіжақты меморандум негізінде өткізіледі.
- 1.5. Марафон 2020 жылдан бастап әр демалыс мезгілінде тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.
- 1.6. Марафонды үйлестіру және жүзеге асыру үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады. Құрамына министрлік өкілдері, облыс, қала білім басқармалары, әдістемелік орталықтар, кітапхана қызметкерлері, балалар әдебиеті өкілдері мен педагогтер енеді.
- 1.7. Марафон авторы әрі ұйымдастыру комитетінің жетекшісі – «ШЫҢ» баспа үйінің директоры Есен Бахыткүл Артыққызы.
- 1.8. Қатысушылар: жалпы білім беретін мектептердің 1–11 қазақ-орыс сынып оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері.
- 1.9. Марафонға барлық оқушы белсенді түрде қатысуы тиіс.
- 1.10. Қатысушыларға ұсынылатын кітаптар қазақ ертегілері мен балалар жазушыларының шығармалары.

1.11. Марафон екі кезеңнен тұрады:

- **I кезең (маусым–тамыз)** – Қатысушылар жазғы демалыс кезінде көркем әдеби шығармаларды оқып, арнайы Оқырман күнделігін толтырады. Бұл күнделік – оқушының оқу барысын, қызығушылығын және шығармашылығын көрсететін негізгі құрал.
- **II кезең (қыркүйек–қазан)** – Қатысушылар оқыған кітаптары бойынша <https://shyn-kitaphana.kz> сайтында онлайн тест тапсырады (тегін). Сонымен қатар, жетекші мұғалім әр оқушының күнделігін бағалау шкаласы бойынша саралап, әр бетіне балл қояды. Жалпы балл саны сайтқа енгізіледі.
- **Нәтиже:** Тест нәтижесі мен күнделікке қойылған ұпай қосылып, жалпы балл автоматты түрде есептеледі. Жеңімпаздар сайтта автоматты түрде анықталады.

1.12. Бірінші кезеңнің қатысу форматы:

- **Офлайн оқу** – Кітап қоржынына тапсырыс беру арқылы;
- **Онлайн оқу** – <https://shyn-kitaphana.kz> сайты арқылы.

1.13. Күнделік ұсынылған кітаптар бойынша аптасына 3 рет, айына 12 рет, жазғы демалыс кезеңінде жалпы 36 рет толтырылады.

1.14. Екінші кезең онлайн форматта өткізіледі (қыркүйек айында <https://shyn-kitaphana.kz> сайтында оқыған кітаптардан берілетін 20 тестті орындау арқылы).

1.15. Марафон тиімділігі:

- Балалардың кітап оқу дағдысы қалыптасады;
- Ұлттық және адами құндылықтарді бойларына сіңіреді;
- Балалар мен ата-аналар арасындағы байланыс күшейеді;
- Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Каникулды мазмұнды әрі пайдалы өткізу қамтамасыз етіледі.

2-тарау. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Балалардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін арттыру. «Балалар кітапханасы» ұлттық моделін дамыту.

Міндеттері:

- Оқуға деген қызығушылықты ояту;
 - Кітап кейіпкерлерінің жақсы қасиеттерін үлгі ету;
 - Балалардың тіл байлығын арттыру, жазбаша және ауызша тілін дамыту;
 - Шығармашылық тапсырмалар арқылы ойлау қабілетін жетілдіру.
-

3-тарау. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Марафонның барлық кезеңін ұйымдастыру және үйлестіру;
 - Марафон барысын бақылау және қадағалау;
 - Қатысушылардың белсенділігін талдау, қорытындысын жариялау;
 - Жеңімпаздарды анықтап, марапаттау рәсімін ұйымдастыру;
 - Ақпаратты әлеуметтік желілерде жариялау және тарату.
-

- **4-тарау. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ** Ереже талаптарымен танысып, оны толық орындау;
 - Кітаптарды уақытылы оқып, тапсырмаларды мерзімінде орындау;
 - Онлайн немесе офлайн қатысу форматын нақты таңдау;
 - Кітап қоржынына тапсырысты 1 маусымға дейін беру;
 - Күнделікті жүйелі түрде жүргізіп, қорытынды кезеңге дайын болу.
-

5-тарау. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1.Формат:

- **Офлайн** – маусым, шілде, тамыз айларында кітап қоржынындағы кітаптарды оқу.
- **Онлайн** – <https://shyn-kitaphana.kz> сайтында тіркеліп, 3 ай бойы электронды кітаптарды оқу.

2. Қатысу тәртібі:

- Марафон 2025 жыл 01 маусым басталады.
 - Барлық қатысушы 1 маусымнан бастап жазғы каникулдарда shyn-kitaphana.kz сайтына тіркеле алады.
 - 1-маусым күні барлық оқушы Қатысу форматына қарамастан (<https://shyn-kitaphana.kz/> сілтемесі арқылы сайтқа кіріп, Сертификат жүктеп алуы шарт.
 - Офлайн қатысу (кітап қоржынына тапсырыс -8775 424 37 27 ватсапқа).
 - **Сертификат** – қатысушы мәртебесін растайтын құжат ретінде сайттан беріледі.
-

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

- Қатысушылар 2025 жылғы қыркүйек айының 15–19 аралығында оқыған кітаптарының мазмұны бойынша онлайн форматта тест тапсырмаларын орындайды.
 - Сонымен қатар, оқырман күнделіктері сарапталып, іріктеу кезеңдерінде арнайы бағалау шкаласы бойынша бағаланады.
 - Іріктеуден өткен қатысушылар келесі марапаттарға ие болады:
 - Сертификат;
 - Диплом;
 - Құнды сыйлық.
 - Бас жүлде иегері атану үшін қатысушы тест тапсырмаларынан 20 сұраққа дұрыс жауап беріп, оқырман күнделігі бойынша жоғары ұпай жинауы тиіс. Бас жүлде иегеріне ерекше құнды сыйлық табысталады (сыйлық әзірге құпия сақталады).
 - Мектеп оқушыларының белсенді қатысуын қамтамасыз еткен білім беру ұйымдарына «ШЫҢ» баспа үйі атынан арнайы марапат – «ШЫҢ» балалар кітапханасы бұрышы жасақталып, сыйға беріледі.
-

7-тарау. Жобаның серіктестері

- ҚР Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы
- Қалалық/облыстық білім басқармалары
- Аудандық/қалалық білім бөлімдері
- Мектеп кітапханалары
- ЖК «Гран-принт» баспасы
- «БІЛІМ ШЫҢЫ» инновациялық кәсіби даму орталығы.